

**Қаражал қалалық мәслихатының 2009 жылғы 30 қаңтардағы XIII сессиясының "Қаражал қаласында барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы" N 118 шешіміне толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының X сессиясының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы N 83 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 қаңтарда N 2110 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының XXII сессиясының 2018 жылғы 5 сәуірдегі N 204 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының XXII сессиясының 05.04.2018 N 204 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қаражал қалалық мәслихатының 2009 жылғы 30 қаңтардағы XIII сессиясының "Қаражал қаласында барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы" N 118 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 8-5-64 болып тіркелген, "Қазыналы өңір" газетінің 2009 жылғы 21 ақпандағы N 7 санында жарияланған) шешіміне келесі толықтыру енгізілсін:

шешімнің кіріспесіндегі "мемлекеттік басқару" сөздерінен кейін "және өзін-өзі басқару" сөздерімен толықтырылсын.

2. Осы шешімінің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың бюджет және экономика мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Ж. Серіков) жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

X сессияның төрағасы

Қалалық мәслихаттың хатшысы

Ж. Жетімек

З. Оспанова